



«Бекітемін»

Мектеп-гимназия директоры:

Т.А. Сидниева

№1 педагогикалық кеңестің қаулысы негізінде

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназияның 2021-2022 оқу жылына
арналған

ӨНДІРІСТІК ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Абай ауылы

2021-2022 оқу жылы

Бөлім	Мазмұны
1-бөлім	Мектеп-гимназияның толқу жаты
2-бөлім	Мектеп-гимназияның өзекті тақырыбы, мақсаты, жаңа 2021-2022 оқу жылындағы мақсаты мен міндеттері. Өткен 2020-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстардың талдауы
3-бөлім	Мектеп-гимназияның мемлекеттік нормативтік құжаттарды орындауға бағытталған қызметін ұйымдастыру:
4-бөлім	- Жалпыға міндетті орта білім беруді жүзеге асыру: - Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру - Жалпы орта білім беру стандартын орындау (жалпы білім беретін сыныптар, лицей сыныптар) - Бағдарламды және бағдарлы оқытуды ұйымдастыру - Үйде оқытуды ұйымдастыру - Білім берудің мазмұны мен сапасын жетілдіру: - Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру - Мотивациясы төмен оқушылармен жұмыс - Педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие үдерісін жақсартуға бағытталған іс-әрекеті. (12 бағыт жобасы)
5-бөлім	Мектепті басқару мен бақылау: - Педагогикалық кеңес. - Директор жанындағы кеңес - Әдістемелік кеңес - Қамқоршылық кеңес «Шығармашылық зертхана» - Педагог кадрлармен жұмыс, олардың кәсіби деңгейін көтеру, аттестаттау «Жас мамандар» мектебі «Үйірме жұмыстары»
6-бөлім	- Тәрбие жұмысы. - Психологиялық қолдауды ұйымдастыру - Оқушыларды әлеуметтік қолдау - Медицина жұмысын ұйымдастыру
7-бөлім	Кітапхана қоры, онымен жұмыс жүргізу.
8-бөлім	1. Мектепшілік түрлі бақылау жүйесі. Мектепшілік басқару, мектеп басшыларының өзара міндеттері.

I бөлім
Мектеп-гимназияның толқуы

Мектептің атауы	«№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназия» КММ				
Мектеп директоры	Табылдиева Райхан Молдабековна				
Мектептің салынған жылы	1973				
Ғимараты	Типтік, 3 қабатты				
Мұғалімдер саны	186				
Жоғары санаттағы	3				
Бірінші санаттағы	10				
Екінші санаттағы					
Санатсыз	48				
Педагог-шебер	2				
Педагог-зерттеуші	32				
Педагог-сарапшы	64				
Педагог-модератор	27				
Оқушылар саны	2055				
Мектепалды дайындық	146				
Неше ауысымда оқиды?	2 ауысымда оқиды				
Асхана	1				
Спорт зал	2				
Типтік кабинет	Химия, биология, физика Мультимедиа кабинеті, IT сынып кабинеті (2019 жыл), информатика кабинеті				
Жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өткен мұғалімдер	186 мұғалім				
Тренер мұғалімдер	4				
Үйлестірушілер	7				
Ағылшын тілінде оқытуға көшу	2019-2020 оқу жылынан бастап 8-А,Ә,Д сыныптарында 8 «А» сыныбында – химия,биология пәні оқытылады 2021-2022 оқу жылында 10 – А, Ә, Д 10 «А» сыныбында – химия, информатика 8 «Б» сыныбында - биология 8 «А» сыныбында – информатика, химия 8 «Б» сыныбында – биология пәні ағылшын тілінде толықтай режимде оқытылуда				
Ағылшын тілінде оқыту курстарынан өткен мұғалімдер	Химия – 1 Биология – 1 Информатика – 2				
	Үздік куәлік	Үздік аттестат	Алтын белгі	Бітірушілер саны	
				9	11
2015-2016 оқу жылы	8	8	8	120	59
2016-2017 оқу жылы	6	10	7	136	55
2017-2018 оқу жылы	11	6	6	129	58
2018-2019 оқу жылы	9	9	8	155	88
2019-2020 оқу жылы	9	10	9	117	76
2020-2021 оқу жылы	12	3	13	127	89
2021-2022 оқу жылы					

II бөлім

Мектеп-гимназияның өзекті тақырыбы: «Білім алу мен білім беруде IT біліктілікті арттыру арқылы құндылықтарға негізделген тұлғалық бағытталған оқу қалыптастыру және дамыту»

Мектеп-гимназияның білім беру құндылықтары: Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, өмір бойы білім алу, еңбек және шығармашылық

Мектеп – гимназияның мақсаты:

1. Жалпы орта білім беруді дамыту бағытындағы дерективті және нормативтік құжаттарда алға қойылған міндеттерді орындау, өзгерістерге жедел бейімделу, жұмыс бағыттарына ұдайы және қажетті түзетулер енгізу;
3. 9 «А» және 9 «Ә» сыныптарын зияткер сыныбын атау, физика, химия, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытуға қол жеткізу; Көптілді оқыту бойынша мектеп моделінің тиімді қызметін қамтамасыздандыру;
4. Үштілді білім беруді тиімді ұйымдастыру арқылы Назарбаев университетіне және ЖОО-на түсетін бітірушілер санын арттыру;
5. Мұғалімдердің мақсатты тілдердегі пәндік, тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытудың тиімді тәсілдерін ендіру;
6. 4,9,10-сыныптарда жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру, 1-10 сыныптарда нәтижеге бағытталған оқыту жүйесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;
7. Критериалды бағалау жүйесін ендірудің нәтижелілігін арттыру (Қ/Б тапсырмаларын, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыру дағдыларын жетілдіру);
8. Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру, жобалар байқауын өткізу;
9. STEM-оқытуды ұйымдастыруға қажетті материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және кадрлық база жасау;
10. Ментальді (“Ақыл картасы”) карталармен жұмыстың инновациялық әдістемесін оқу-тәрбие үдерісіне ендіру;
11. Пәндерді ағылшын тілінде жете меңгерген, тілдік дағдылары (құзыреттіліктері) халықаралық стандарттарға жауап беретін дарынды оқушылармен жұмыс;
12. Мектеп ата-аналар университетінің жаңашыл бағдарламаларын ендіру арқылы ата-аналардың функционалдық сауаттылығын арттыру;
13. Мектеп қамқоршылық кеңесінің мектеп-лицейдің өмірлік қызметіндегі орны мен рөлін күшейтуге қолғабыс көрсету;
14. Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі бағыттары бойынша жұмыстарды жетілдіру мақсатында әріптестікті күшейту (серіктес мектептер, НЗМ, оқу орталықтары, ЖОО-лар мен колледждер т.б. ұйымдармен);
15. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың мектепшілік жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыздандыру (мектепшілік оқыту курстарын ұйымдастыру);
16. Педагогикалық үдерісті цифрландыру шеңберіндегі техникалық-технологиялық, ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шараларды жүзеге асыру;
17. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы нақты іс-шараларды жоспарлау және оны жүзеге асыру;
18. L/S сабақты зерттеу үдерісін оқыту үдерісіне енгізу;
19. Латын графикасын көшуге дайындық жұмыстарын жүргізу, іс-шаралар қабылдау;
20. Үйірме жұмыстарының мазмұнын жаңарту, ұйымдастыру әдістерін түрлендіру (Оқушы өзі қызығып келетін жағдайға жеткізу);
21. Олимпиада резервтерімен жұмысты жүйелеу (пән олимпиадасы, Президент олимпиадасы, Юниор олимпиадасына дайындықты күшейту)
22. “Шаңырақ” жобасын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу (Өзін өзі басқару ұйымы);
23. Қосымша білімді дамыту мақсатында оқу орталықтарымен бірлесе жұмыс жасауды күшейту
24. “Табысты мектеп”, “Табысты мұғалім”, “Табысты оқушы” моделі жобасын іске асыру;

25. Пәндік олимпиада, ҰБТ нәтижесі бойынша, Грантка түсу саны бойынша рекорд қоюды жоспарлау (Олимпиада нәтижесі бойынша ауданда ең бірінші үштікке жету, ҰБТ нәтижесі орта балды 100 ге жеткізу, 140 балл алатын оқушы даярлау, Грант санын 100 пайыз оқушыға жеткізу)
26. Құндылықтарға негізделген мектеп моделін құру.

Мектеп- гимназияның міндеттері:

- мектептің адаптив моделі негізінде үш тілде оқытуға кезең-кезеңімен көшу, оқушылардың тілді меңгеру деңгейлері мен білім сапасына талдау жүргізу, зерттеу, зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру, келесі оқу жылына нақты ұсыныстар әзірлеу;
- НЗМ тәжірибесін үйрену, мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу;
- мектепте педагог қауымдастықтың қалыптасуына әсер ету, барлық пән бірлестіктеріне қауымдастық ішінде өзара қолдау көрсету және тәлімгерлікті ұйымдастыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін коучинг, тренингтер, вебинарлар арқылы дамыту, мұғалімдердің біліктілігін көтеру, тілдік құзыреттілігін арттыру, оқу және даму үшін мүмкіндіктер ұсыну;
- көптілді және билингвальды әдістемелермен білім беретін мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту бағытындағы жұмыстарды іске асыру.
- сабақта заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану, сындарлы оқытуға қол жеткізу арқылы оқушылардың бойында керекті дағдыларды қалыптастыру мен дамыту, білім сапасын көтеру;
- оқушылардың оқитудың әртүрлі кезеңдегі және әртүрлі пән бойынша оқу жетістігін бақылау және бағалау;
- жалпыға міндетті білім беру талаптарын орындау;
- мектепте психологиялық орталық құру, әйгілі психологтардың еңбектері мен өмір жолын үйрену мен үйрету арқылы өзін-өзі дамыту тренингтерін ұйымдастыру;
- Дүние жүзі тарихы пәнін орыс тілінде оқытуға жартылай режимде болса да көшуді ұйымдастыру (ата-аналар келісімімен екінші тілдегі оқулықтарды сатып алу)
- мектептің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген инновациялар: критериалды бағалау, «100 кітап» инновациялық бағдарламасы, CLIL әдісі, кооператив мәдениетті дамытуға мұғалімдерді тарту;
- ата-аналармен жұмысты жүйелі жолға қою, ата-аналармен өткізілетін жиналыстардың әдісін түптен өзгерту, инновациялық жолмен ұйымдастыруды жолға қою;
- дарынды оқушылармен ерекше жұмыс жүргізу мақсатында «Шаңырақ» жобасы негізінде бейініне, қабілеттеріне және білім көрсеткіштеріне қарай топтастыру, жұмысты жүйелендіру, нәтижелілікке қол жеткізу;
- «Дебат» зияткерлік ойындары шеңберінде өзбек, қазақ, ағылшын және орыс тіліндегі лигаларды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың сыни ойлау қабілеті мен тіл құзыреттілігін арттыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдер, балалар арасында тәртіп бұзушылыққа жол бермеу және алдын алу мақсатындағы іс-шаралар жүйесін нақтылау, түрлі балалар ұйымымен байланысты нығайту;
- мектепте жеке тұлғаның жан-жақты дамуын педагогикалық-психологиялық диагностика арқылы жүйелі түрде зерттеу;
- мектеп, оқушы және ата-ана үштігін қоғаммен тығыз байланысын нығайту. Ата-аналар мен кең жұртшылық арасында көптілді және билингвальды білім берудің әлеуметтік маңыздылығы мен тиімділігін кеңінен үгіттеу;
- республика, облыс, қала көлемінде семинарлар ұйымдастыру арқылы мектептің имиджін қалыптастыру, брендін құру;
- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Білімнің салтанат құруы» бағыты бойынша нақты ісшараларды белгілеу, жүзеге асыру.

2020-2021 оқу жылында аттестатталған педагогтар туралы мәлімет.

11.01.2021ж №1 педкеңестің шешімі негізінде мектеп аттестаттау комиссиясы 5 кісіден құрылды. Оқытушы кадрлардың жоғары біліктілігі білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Білім беру жүйесінің заманауи мектептің сұраныстарына сай жаңа форматты педагог кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында кәсіби педагогикалық білім беруде жаңарту бойынша іс-шаралар кешені өткізілді. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін дамыту тұжырымдамасы әзірленді және бекітілді, ол педагогтардың тек кәсіби өсуін ғана емес, сонымен қатар материалдық ынталандыруды да болжайды. Осыған байланысты педагог қызметшілерді аттестаттауға қойылатын талаптар өзгерді. Себебі біліктілік санаты жұмыс өтілімен және нәтижелілігімен анықталады, ал педагогтардың біліктіліктілігін анықтауда педагогикалық өтіл де маңызды рөл атқарады. ҚР Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» туралы 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 27 қаңтардағы №530 бұйрығына негізінде педагог кадрлар аттестаттаудан өткізілді.

2020-2021 оқу жылы қорытындылары.

Жылжыған жылдар тізбегінде 2020-2021 оқу жылын аяқтап, жаңа 2021-2022 оқу жылы табалдырығында тұрмыз. Тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалыптастыруда біздің білім беру қызметкерлеріне артылар аманат жүгін сезінген, егеменді еліміздің ертеңі – ұрпақ тәрбиелеу ісі абыройлы да ауыр міндетін атқара отырып, болашақ білімді ұрпақтың қолында – дегенді ту етіп киелі шаңырағымыз ұстаздары жастарға тәрбие мен білімді қатар сіңіріп, жеке тұлғаның және жалпы адамзаттың құндылықтары негізінде қалыптасуына бағытталған мектебіміздің 2020-2021 оқу жылында жоспарланған оқу-тәрбие жұмыстары енгізілген карантинге қарамастан өз дәрежесінде атқарылды.

Мектеп-гимназия базасында өткізілген жас ұрпақтың бойына рухани азық боларлық түрлі іс-шараларды мақтана атап айтуға болады. Оқу жылы барысында жоспар бойынша жүргізілген пән апталықтары да ұстаздарымызды жаңашыл әдістерді меңгеріп шығармашылықтарының шыңдала түскендерін байқатты.

«Жаңа бағдарламалық оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып пән апталықтары өз дәрежесінде өтті.

1. Шет тілі- Welcome to the Kingdom of English Language.

2. МИФ- Әлем нақты ғылымдар тілінде.

3. Орыс тілі мен әдебиеті- Великий и могучий русский язык.

4. Өзін-өзі тану- Махаббат пен шығармашылық педагогикасы.

5. Тарих. География- Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері»

6. Технология- Адам өнерді емес, өнер адамды тәрбиелейді. Сегіз қырлы-бір сырлы.

7. Қазақ тілі мен әдебиеті- Ұлыстың ұлы күні.

8. Бастауыш сыныптар- Біз Қазақстан болашағымыз.

9. Химия, биология- Химия және биология пәндерінің ғажайыптар әлеміне саяхат.

10. Дене шыықтыру, АӘД- Спорт денсаулық кепілі.

2020-2021 оқу жылында мектеп-гимназиясын 88 11-сынып оқушылары бітіріп шықты.

Оқушылар ҰБТ-дің 4-кезеңіне қатысып өз дәрежесінде ұпайларын алды.

2020-2021 оқу жылында «Алтын белгіге» 13-оқушыдан 6-оқушы ақтады, және 3- қызыл аттестатқа үміткер оқушыларда 1 ақтады. Маусым айында ҰБТ-ге қатысқан 60 оқушының, 20 оқушысы грант иегері атанды. Мектеп бойынша ең жоғарғы балл жинаған оқушы- Болатов Бекмырза-114 балл.

Алты белгіні ақтаған оқушылар

1. Айнабек Аружан- 81 балл

2.Болатов Бекмырза-	114 балл
3.Бекназарова Гульден-	104 балл
4.Егізбаева Жазира-	90 балл
5.Салыбай Бақтыгул-	78 балл
6. Хамзе Мағжан-	109 балл

ҰБТ пән көрсеткіші

р/с	Пәні	Орта балл
1.	Қазақстан тарихы	8,6
2.	Математикалық сауаттылық	9,7
3.	Оқу сауаттылығы	15,7
4.	Математика	8,8
5.	Физика	9,7
6.	Химия	22,3
7.	Биология	20,2
8.	География	19
9.	Ағылшын тілі	23,5
10.	Дүние жүзі тарихы	14,5
11.	Орыс тілі	22,6
12.	Орыс әдебиеті	16,5
13.	Адам және қоғам	20,5

ҰБТ конкурсына қатысқан оқушыларымыздың арасында 20 оқушы грант иегері атанды. Мектебімізден 13 оқушы алтын белгіге үміткер болған соның бақтады. 6 оқушы қызыл аттестатқа үміткер, солардың біреуі ақтады. Мектептің ҰБТ-де көрсеткіші балы 68.6 балл.

2020-2021 оқу жылындағы жетістіктер

Оқушылар арасында облыстық Түркістан қаласында өткен «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық сайысында мектеп-гимназия шәкірттері командалық жарысына қатысып өз өнерлерін көрсетті.

Республикалық зияткерлік «Алты қыран» олимпиадасына мектебімізде 56 оқушы қатысып жүлделі орындарға ие болды.

№	Қатысқан оқушылардың аты-жөні:	Орын дары	Сын:	Пән мұғалімі:
1	Бекежан Д	3	8	Атабекова Ш
2	Бакытжан Ә	3	8	Атабекова Ш
3	Тұрсынбай Ұ	3	8	Атабекова Ш
4	Нұрбек Ж	3	7	Табылдиева Р
5	Ақберді А	3	7	Пернебаева Б
6	Муратжан М	3	3	Молданова К
7	Жақыпбек А	3	3	Молданова К
8	Абдувахитов А	3	3	Молданова К
9	Серікбай А	3	3	Молданова К
10	Кәрімберді Ә	2	2	Айбекова Б
11	Нұрбек Б	3	2	Айбекова Б
12	Темирхан М	3	2	Айбекова Б

13	Сәлім А	2	4	Ташимова Г Беспасва А
14	Даулет X	3	4	Ташимова Г
15	Кәрімберді М	1	2	Беспасва А
16	Қасымхан Ж	2	2	Ташимова Г
17	Ергешбек А	2	2	Чигимбаева А
18	Құрбанәлі Е	3	3	Алдашукирова З
19	Жаппар А	2	3	Алдашукирова З
20	Қалдыбай Қ	3	3	Алдашукирова З
21	Ергешбай М	3	3	Алдашукирова З
22	Тұрханова А	3	7	Искакова Ж
23	Нұрбек Ж	3	7	Искакова Ж
24	Абай А	2	5	Сарсенбаева М
25	Жиенбек Ү	2	5	Сарсенбаева М
26	Сулайман А	3	5	Сарсенбаева М
27	Алғибай С	3	5	Сарсенбаева М
28	Ералы Ж	3	5	Сарсенбаева М
29	Бахтияр М	3	7	Асилбекова А
30	Абдукарим А	2	2	Цой Е
31	Акитов Д	3	2	Цой Е
32	Алдияр А	3	2	Цой Е
33	Журсин Ж	2	2	Цой Е
34	Серікбай А	2	2	Цой Е
35	Асылбек К	3	4	Урисбаева С
36	Арманқызы А	3	4	Арынова Ж
37	Нұрлан О			Урисбаева С
38	Қараахмедова М	3	4	Арынова Ж
39	Қараман М	3	4	Арынова Ж
40	Қалдар А	3	4	Арынова Ж
41	Максүтова К	3	4	Арынова Ж
42	Шыныбек М	3	4	Арынова Ж
43	Тұрсынбаев Д	3	4	Джағыдарова Х
44	Құрбанәлі Н	3	2	Удербасва Р

45	Әділбек М	3	2	Удербасва Р
46	Уринбасар М	3	2	Удербасва Р
47	Маулен Д	3	2	Ташимова Г
48	Жақыпбек А	3	2	Ташимова Г
49	Абдукаримов Н	3	2	Жаркынбаева С
50	Қабыл Б	3	3	Торбалаева Н
51	Қали Н	2	3	Торбалаева Н
52	Әбубәкір Б	2	3	Торбалаева Н
53	Бақытжан А	2	3	Торбалаева Н
54	Жолдас С	3	3	Асылбекова А
55	Турсынбаев Д	3	3	Алдашукирова З

Облыстық «Жас қанат» оқушылар олимпиадасы.

№	Қатысқан оқушылардың аты-жөні:	Орын дары	Сын:	Пән мұғалімі:
1	Абдулла А	1	8	Кутушова Д
2	Берік А	2	7	Аметова М
3	Бахтияр М	2	7	Шаихова Е
4	Аргенбаева Г	3	9	Пердебаева А
5	Болатов Б	2	11	Турлыбекова А
6	Шакирбаева А	2	7	Мағзұмова Ж
	Рысбек Б	1	10	Джылкыбаева З

«Бәйтерек» зияткерлік республикалық олимпиадасы

№	Қатысқан оқушылардың аты-жөні:	Орын дары	Пән мұғалімі:
1	Абдулла А	3	Турымбетова Б
2	Төлеген Ж	Бас жүлде	Сарыбаева М
3	Алғибай А	2	Бабахаланова Н

Педагог мәртебесін көтеру мен кәсіби біліктілігін арттыру және дамыту мақсатында өткізілген республикалық «Мұғалімдер пән олимпиадасы»

№	Қатысқан мұғалімдер аты-жөні:	Орындары
1	Атаниязова Р	Бас жүлде
2	Бабахаланова Н	Бас жүлде
3	Зарипова А	II-орын

Кіші Ғылым академиясының Мектепшілік Ғылыми шеру жарысында оқушыларымыз Алибай А, Сапар К, Құлыбай Б, Қуанышева Қ аудандық кезеңге жолдама алды. Аудандық ғылыми жұмыстар байқауында Қуанышева Қ II-орынды иеленді. Жетекшісі Кутушова Д

Оқушылар арасында өткен облыстық пәндер олимпиадасы

№	Қатысқан оқушылардың аты-жөні:	Орын дары	Пән мұғалімі:
1	Абдулла А	3 орын	Кутушова Д

2020-2021 оқу жылында республикалық Жас қанат олимпиадасының аудандық кезеңі.

№	Қатысқан оқушылардың аты-жөні:	Орын дары	Пән мұғалімі:
1	Бахтияр М	2	Шаихова Е
2	Абдулла А	1	Кутушова Д
3	Насриддин С	3	Турбекова А
4	Шакирбаева А	2	Мағзумова Ж
5	Берік А	2	Ахметова М
6	Аргенбаева Г	3	Пердебаева А
7	Рысбек Б	1	Джылкыбаева З
8	Болатов Б	2	Турлыбекова А

Облыстық мұғалімдер пәндер олимпиадасында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Н. Сабитов жүлделі ІІ-орын.

Жоғары технология ғылым мен білім мәселелер жетістіктер мен инновациялар облыстық форумы

№	Қатысқан мұғалім аты-жөні:	Пәні	Марапат түрі
1	Сарсенбаева Мадина	Қазақ тілі мен әдебиеті	Алғыс хат
2	Сарсенбаева Мадина	Қазақ тілі мен әдебиеті	Мадақтама

«Русский медвежонок» халықаралық оқушылар олимпиадасы

№	Қатысқан оқушылардың аты-жөні:	Орын дары	Сын:	Пән мұғалімі:
1	Гаюпова С	2	5	Сабитова Н
2	Пердебаева А	1	6	Бекботаева Л
3	Жумабек А	1	5	Бекботаева Л
4	Яша А	2	5	Бекботаева Л
5	Пазилова А	1	6	Пернебаева Б
6	Жолдас Н	1	6	Пернебаева Б
7	Абдукеримова А	1	5	Пернебаева Б

Qaztest.kz Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті сыйлығының иегері сайты. Оқушылар арасында орыс тілі пәнінен қашықтықтан өткізілген олимпиада.

№	Қатысқан оқушылардың аты-жөні:	Орын дары	Сын:	Пән мұғалімі:
1	Ильхамова Д	Сертификат	8	Бекботаева Л
2	Махамедова А	Сертификат	8	Бекботаева Л
3	Сейдалиева М	2	7	Мырзахметова М

2020-2021 оқу жылында құқық бұзушылық бойынша атқарылған жұмыстар.

Мектепте оқушылар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторы бірлескен жоспар құрылып бекітілді. Оқу жылы басталғалы бері екі күнде бір рет мектепке келін, сыныптарды аралап, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен жеке кездесіп, кеңесіп оқушылармен сұхбат жүргізіп отырылды. Сонымен қоса әр айдың соңына таман мектептің мәжіліс залында 5-7 және де 8-11 сынып оқушыларына «Денсаулық қорғау құқығы», «Шылым шегу, алкогольизм, нашахорлықтың зияны», «Біздің құқықтарымыз бен міндеттеріміз», «Жастардың бір-бірімен қарым қатынасы» ЖИТС және еркін жыныстық қатынас. «Біздің қоғамда дін экстремизм мен терроризмге жол жоқ», «Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері», «Құқық бұзушылық» бойынша ұлдар кеңесі өткізілді. Сонымен қатар оқу жылы басынан 5-11 сыныптарға арналған құқықтық жаппай оқыту бағдарламасы жүргізілуде. Сондай ақ оқу жылы барысында мектептегі құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды Жетісай ауданы АІБ-нің УҚИ (Сизо) бөліміне 2 рет саяхаты ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу, болдырмау мақсатында аудандық құқық қорғау органдарымен бірлескен мектепте «Мобильдік топ» құрылды. Мобильдік топ төрайымы мектеп директоры - Р. Табылдиева. Мүшелері: Г. Бекмұратова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, А. Саттөресов - мектеп инспекторы, А. Жумалиева - мектеп педагог-психологы, М. Кенжекулова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, С. Қабылбеков - алғашқы әскери дайындық мұғалімі, Н. Жолдыбай - мектептің әлеуметтік педагогы, А. Елесбаев - дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Мобильдік топтың міндеттері: Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу, анықтау, болдырмау, қайта тәрбиелеу мақсатында оқу орындарында ақша жинау және қорқытып әлімжеттілікпен айналысатын «Құқық бұзушылыққа, қылмысқа бейім кәмелетке толмағандар мен жастар арасында» жеке алдын-алу жұмыстарын жүргізу. Мобильдік топ білім мекемелерінің әкімшілігімен, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мектеп инспекторларымен, учаскелік инспекторларымен, психологтармен бірлесе отырып, кәмелетке толмағандар мен жастардың жанұя жағдайы, тәрбиелену ортасы, достарымен, сыныптастарымен қарым-қатынасы, жасалған қылмыстар және олардың жауапкершіліктері, олардың тәрбиелеудегі ата-аналардың жауапкершіліктерін қоса отырып, әрбір кәмелетке толмағандар мен жастарға қатысты кен көлемде жоспарланған жеке алдын алу іс-шаралары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Мобильдік топ мүшелері мектеп әкімшілігімен біргелікте сыныптарды аралап, оқушыларға айына бір рет рейд жасап тұрады. Рейдтің қорытындысы бойынша сол күні анықталған заңтарға кесім жазылып, тиісті түсіндіру-түзету жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар құқық бұзушылыққа бейім оқушылар анықталып тізімі алынды. Бұл оқушылар сыныптан тыс үйірмелерге тартылған, сынып жетекшілері тарапынан жеке күнделіктер арналып, жүйелі түрде тәрбиелік түзету-дамыту мақсатында мектептің педагог-психологының қабылдауында болып тұрды. Мектептің барлық іс-шараларына белсене қатысып отырады.

Биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша Келес ауданы АІБ-ның КТДЖБ-ның есебінде мектебімізден оқушы тіркелген жоқ. Алайда мектепшілік есепке 10 оқушы алынды. Олардың екеуі ерегісіп төбелескені үшін, есепке алынған олар. Бұл оқушылар сыныптан тыс үйірмелерге тартылған, сынып жетекшілері тарапынан жеке күнделіктер арналып, жүйелі түрде тәрбиелік «түзету-дамыту» жұмыстары жүргізілуде. Үнемі мектептің педагог-психологының қабылдауында болып тұрды. Барлық мектепшілік іс-шараларға қатыстырылып жүр.

Мектебіміздегі оқушылардың әлеуметтік жағдайына келер болсақ 2020-2021 оқу жылы барысында мектепте жалпы оқушы саны 1-11 сынып аралығында 1909 болса оның 62 жартылай жетім, 50-нің әкесі жоқ, анасы жоқ 12 оқушы, ажырысқан отбасының балалары 50, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары 25, көп балалы отбасы 252, үйде оқытылатын оқушы 11, мүгедек 5 оқушы бар. Мектептегі аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларға, жартылай жетім, көп балалы отбасы балаларына бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген 30 оқушы бар.

Педагог-психологтың жылдық есебі

5-11 сынып оқушыларына, психодиагностикалық, психологиялық түзету, педагогикалық ұжымға және ата-аналарға психологиялық ағарту, психологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 20 желтоқсандағы №528 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы негізінде:

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету; мақсатында 2019-2020 оқу жылында арнайы жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарға сәйкес психологиялық зерттеу, психологиялық алдын алу, ағарту, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық кеңес беру, психологиялық әлеуметтік – диспетчерлік бағыттар бойынша жұмыстар атқарылды.
- Психологиялық зерттеу бағытында Мұғалім – оқушы көзімен, оқушылар арасында мінездің акцентуациясын зерттеу мақсатында «Айзенк», «Шмишек» тесттері, оқушылардың темпераментін анықтау үшін «Стреляу», Беловтың «Темперамент» әдістемесі, жоғары сынып оқушылары арасында мамандық таңдауға байланысты «Голланд» тесті, «Қызығушылықтар картасы», «Менің арманым», «Егерде мен...», «Аяқталмаған сөйлемдер», оқушылардың қобалжу деңгейін, шығу себебін анықтауға Кондаштың «Қобалжу шкаласы», оқушылардың мамандыққа икемділіктерін анықтау мақсатында «Дифференциалды диагностикалық сауалнама», тәртіп бұзушылыққа бейім, «Ерекше назар аударатын оқушыларды анықтау» сауалнамалары мен әдістемелері жүргізілді. Сонымен бірге, мұғалімдердің жеке сұраныстары бойынша диагностикалар алынды, сұраныс берушінің талабы бойынша құпиялылық сақталды. . Әрбір диагностикалық жұмыстан кейін оқушылар мен мұғалімдерге нәтижесі таныстырылып отырылды. Сынып жетекшілерінің сұранысы бойынша 6«Ж», 5«З», 7 «Г», «Ә», 10 «В», «Б» сыныптарына топтық түзету- дамыту сабақтары жүргізілді. 5 – сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты сауалнамалар мен тренингтер жүргізілді. Жылдың басында орыс тілі, ағылшын тілі, тарих пәндерінен қиналатындарын айтты. ал, желтоқсан айында алынған сауалнама нәтижесі бойынша қиындықтар біршама басылғанын көрсеткен. Сонымен бірге, сабақ барысында мұғалімдердің жиі мақтағандарын қалайтынын білдірген. Оқушылардың мектептегі психологиялық – эмоционалды көңіл-күйін анықтау мақсатында 5 – сынып оқушылары арасында орта буында оқу жүйесіне бейімделуіне байланысты: Филлипстің «Оқушылардың мектепте мазасыздануын анықтау» тесті өткізіліп, нәтижесінде : сыныпта психо – диагностикалық жұмысқа қатысқан оқушының 8 орта деңгейде мазасыздануы бар, қалған оқушылар жақсы бейімделгені анықталды, бағалау шкаласы бойынша оқушылардың туындаған мәселелерді өздері шешіп, тыныш әрі ақылмен жұмыс істейтіндігі байқалды. Темпераментті анықтау, Айзенк әдістемесі бойынша 5-11 - сынып аралығындағы 527 – оқушыға өткізілген әдістемесінің қорытындысы: Холерик – 195 = 36%, Меланхолик – 79 = 15 % , Сангвиник – 105 = 21% Флегматик – 148 = 28%
- Нәтижесі: Осы анықталған темпераменттері бойынша сынып жетекшілермен бірлесіп топтық жеке жұмыстар ұйымдастырылып өткізілді. Ерекше меланхоликтерге көңіл бөлінді. Оқушылардың басым көпшілігі холерик тобына кіреді, соған байланысты сынып жетекшілерге, оқушыларға жеке-түзету жолдары көрсетіліп кеңес берілді. Сонымен қатар өткізілген Айзенк темперамент пен ерекше мінез анықтау әдістемесінің нәтижесі бойынша жеке-топтық түзету мақсатында; ойындар, тренингтер, кездесулер өткізілді.
3. Оқушылардың ситуацияға деген қобалжу деңгейін, оның шығу себебін, 5 – 7 сынып сынып аралығындағы 243 - оқушыға өткізілген Кондаштың «Қобалжу шкаласы» балалардың ситуацияға деген қобалжу деңгейін, оның шығу себебін анықтады. Қорытындысы: мектеп және мұғалімдермен қарым – қатынасына байланысты жағдайлары орта деңгейде қобалжуы болса; өзіндік бағасы туралы жағдайлар жоғары; Қарым-қатынас жағдайлары жақсы деңгейде екені анықталды. Жалпы жоғары көрсеткіш қобалжуы 14 %, орта 26%, бірқалыпты 60% .
4. Жоғары 8-11-сынып аралығындағы 284 оқушыға өткізілген Г.Айзенктің “Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау” әдістемесінің қорытындысы бойынша: Үрейшілік шкаласы – үрей жағдайы төмен кезде де, бейберекет мазасызданады 12%. Фрустрация шкаласы – мақсатқа жетудегі нақты немесе нақты емес тосқауылды сезінуден туындайтын психологиялық жағдай болады: 16%

Агрессия шкаласы - өзгеге күш көрсету арқылы лидерлікке ұмтылудың, көтеріңкі психологиялық белсенділік көрсеткіші анықталған 10%.

Икемсіздік шкаласы – кезкелген әрекетті өзгертуге талан қойылғанда субъектің қиналуының көрсеткіші жоғары ұнай бар оқушылар 17% анықталды. Осы оқушыларға жеке кеңес беріліп, жұмыстар өткізілді. 5. А.Беловтың «Темперамент формуласы» әдістемесі бойынша, ата-ана және мұғалімдердің темпераментті толық анықталған жоқ. Қорытындысы: алынған сауалнама бойынша, басым көпшілігінің темпераментті 37 % - сангвиник пен 41 % - холерик, 14 % - меланхолик 8 % - флегматик. 6. Дж. Морено социометрия сауалнамасын топтағы тұлғаралық қарым-қатынастарды зерттеу мақсатында 5 – 7 - сынып сынып аралығындағы 240 - оқушыға өткізілген. Нәтижесінде сыныптардың психологиялық ахуалы әр түрлі, сыныпта қошбасшы, орта қалыпта және шектеліп, оқшауланып, сыныптағы қарым - қатынасы төмен оқушылардың бар екені анықталды. Осыған байланысты сынып жетекшілермен, ата-аналармен және жеке топтық түзету дамыту жұмыстары өткізілді. 7. Әкімшіліктің сұранысы бойынша мектепшілік 6-11 сынып аралығындағы оқушыларға, олардың ата-аналарына және мұғалімдерге сауалнама өткізілді. Нәтижесі бойынша оқушылардың психологиялық ахуалдары, мұғалімге деген тән белгілері, жалпы ата аналардың көзқарастары, мұғалімнің сұраныстары айқындалып қарастырылды. Осыған байланысты жана тәжірибелік жұмыстары енгізілді.

8. Оқушылардың мамандыққа икемділігін зерттеу барысында 9-сыныптан ДДС «Менің қалауым», Голланд сауалнамасы алынды. Мақсаты: кәсіби-тұлғалық типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау. Қатысқан 84 оқушы, нәтижесінде: сыныптағы оқушы өзінің жауабы бойынша қай бағытына деген бейімділігі бар екені анықталды. Реалистік типке – 17, Зияткерлік тип – 13, Әртістік тип - 16, Іскер тип -1, Конвенционалды тип – 6, Әлеуметтік типке – 22 оқушы бейімділігін көрсетті. Қорытынды: Сонымен, қорыта келе, бағалау шкаласы бойынша оқушылардың басым бөлігінде әлеуметтік, әртістік, реалистік типке икемділігі бар екені анықталды. Оқушыларға жалпы осы бағыт бойынша таңдалған мамандық жайлы әңгіме өткізіліп, кеңес берілді. Мамандыққа байланысты интер актив тақтаны пайдаланып «Мамандығым жетістік мерейім» тақырыбындағы дөңгелек үстел оқушылармен өткізілді.

9. Оқушының жоғары қабілетін анықтау кезінде, 5-11 сынып аралығында 59 оқушы әр түрлі бағыт бойынша бейімділігі жоғары екені анықталды. Спорт, пән бойынша олимпиадаларға қатысар алдында психологиялық көмек көрсетілді.

2. Психологиялық консультациялық жұмыс: - 27 Бала мен ата-ана қарым-қатынасының маңыздылығына қарай кеңестер әуелі ата-аналарға, одан кейін мұғалімдерге сұраныс бойынша берілді: 7 – рет ата-анаға, балаларына қарым-қатынасын өзгертуге кеңес берілді; балаға еркін әрекет жасауға, шектен тыс қамқор болуды қысқарту. Баласына үлгі өнеге болуға тырысу, өз қорқынышын балаға бермеу, оның қорыққаны үшін реніш білдірмеу, сынамау, қорқыныштан тек сырттай қорғап емес, оның себебін тауып көмектесуге ұмтылу.

- Қорқыныш сезімін болдырмау үшін, алдын-алу үшін жанұяда жағымды ахуал тудырып, поселке аллеясында демалып, немесе жақындармен кездесіп, күйзелістен арылуға, көңіл-күймен тонус көтеретін орындарға баламен бірге баруға болатыны айтылды.

9 – рет жеке педагог пен сынып жетекшілерге баланың орнықты психикалық қалпын сақтау кейбір баланың осындай проблемаға бейім екенін, олардың тұлғалық проблемалары, қорқынышы күйзеліске бейімділігін ескеру керек екендігін айтылып кеңестер берілді. Бұлар баланың бірқалыпты әрекетпен айналысуына, қарым-қатынас жасауына кесел келтіріп, қиындыққа алып келуі мүмкін. Жалпы қорқақ, күйзеліске бейім балалар педагогтың ерекше назарын қажет етеді. Балаға сенім, үміт арту бірқалыпты, жай дауыспен сөйлеу, өте артық қамқорлық көрсетуден босату, ұжымдық жұмыстарға баланы белсенді араластыру да қорқыныштан арылтады деп сұраныс бойынша мұғалімдермен мектепшілік семинар өткізілгенде айтылды. 11 – рет жеке кеңестер оқушылардың сұранысы бойынша берілді. Айтылған мәселе бойынша баланың бойындағы ресурстарын пайдаланып арттерапия методикасымен, психологиялық жұмыстар өткізіліп, оқушылардың өзіне деген сенімі жоғары екенін, әрі күйзелістері сезімдерінен арылғаны жайлы бөлісті. 5-11 сыныптар аралығында аутоагрессияның алдын алу жұмыстарына байланысты психопрофилактикалық, психодиагностикалық, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың күзгі психологиялық көңіл –күйін анықтау, өз-өзіне қол жұмсаудың, аутоагрессияның алдын-алу үшін Филлипстің «Оқушылардың мектепке мазасыздану деңгейін анықтау» тесті, «Кактус», «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемелері алынды.

5-11 сыныптарға 965 оқушы қатысты. Филлипстің «Оқушылардың мектепке мазағыздану деңгейін анықтау» тестінде түзету-дамыту жұмыстарына дейін: Мектепшілік жалпы мазасыздану - 49, әлеуметтік стресс жағдайында болуы - 20, табысты болу қажеттілік фрустрациясы -15, баланың білімін тексеру мен бағалау жағдайынан қорқуы -18, баланың өзін-өзі байқауы және бағалауы - 17, айналасындағы адамдардың баладан үміт етуін ақтай алмаудан қорқуы - 16, стресске психофизиологиялық қарсы тұруының төмен болуы 14, мұғалімнен қарым-қатынас жасауға қорқатынымен байланысты проблемалары -37 пайызды көрсетті. Ал түзету-дамыту жұмыстарынан кейін: Мектепшілік жалпы мазасыздану - 29, әлеуметтік стресс жағдайында болуы -11, табысты болу қажеттілік фрустрациясы -9, баланың білімін тексеру мен бағалау жағдайынан қорқуы -11, баланың өзін-өзі байқауы және бағалауы - 10, айналасындағы адамдардың баладан үміт етуін ақтай алмаудан қорқуы - 9, стресске психофизиологиялық қарсы тұруының төмен болуы -10, мұғалімнен қарым-қатынас жасауға қорқатынымен байланысты проблемалары -21 пайызға төмендеді.

Сонымен қатар, кактус әдістемесінің нәтижесінде 892 оқушының 254-де ашушандық, 249-да қызбалық, 288 -де бағыншылық, 261-де интроверттілік белгілері бар. Бұл көрсеткіштен оқушылардың күзгі психологиялық көңіл-күйлері суицидке бейімдікті көрсетеді. Суицидке бейім оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, ашушандық көрсеткіші 128 ге төмендеді. Оқушыларда өмірін сақтауға ұмтылыс бар дегуге болады. Негізінде қол жұмсауға, суицидке бару біріншіден өзіндік бағасын төмендетуінен, екіншіден қорқынып, үрей, ауру болып табылады. 14-17 жаста оқушыларда өзіне қол жұмсау көп кездеседі. Осы жаста оқушыларға көп шектеу қойып, ұрысуға болмайды. Себебі бұл уақыт экстравертті кезең, яғни ішіндегіні сыртқа шығаратын кез. Осы жаста жеткіншектердің суицидке баруының 92 пайызы эмоциялық күйге байланысты. Сондықтан, осы жастағы оқушылармен сабақ оту барысында барынша сыпайы болу керек және әрбір істеген жұмысына ерекше мән беріп мадақтап отыру қажет.

Оқушылардың өз ойын толық жеткізуі, ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерін және мектеп өмірі жайындағы көзқарастарын талқылама жасауға «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі қолданылды.

Мақсаты: мектеп өмірі жайындағы көзқарастарын және өз ойын талқылау.

Топтық талқылауға 6-11 сыныптар қатысты.

Топта алдымен бүгінгі қоғамдық жағдайлар, адам іс-әрекетінің кейде ойға сыйғысыз болып кету себебіне психологиялық тұрғыда түсіндірме жасалды. Сосын бүгінгі оқушының шынайы бейнесіне ықпал ететін жайттар айтылып өтті. Әр білім алушы мүмкіндігінше мысалдарын, ойларын келтіруге тырысты.

Пікір-талас әр білім алушының өз пікірі құнды екенін, өз көзқарасына дәйекті дәлелдермен келтіріп өзгелерді тыңдата алатынын дәлелдей түсті..

11 Ә-В сыныптарға ҰБТ-ке оқушылардың стресске қарсы тұруын арттыру, сенімді мінез-құлқын қалыптастыру, өз жауапкершілігін сезінуге көмектесу, эмоциялық ерік сферасын дамыту мақсатында тренингтер, тесттер, әңгіме жүргізілуде. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу және олардың агрессия деңгейін төмендету бойынша атқарылатын психологиялық түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

5-11 сынып аралығында 74 бала девиантты іс-әрекет ететін оқушылар. Ұлы- 66, қызы-8. 5-11 сынып оқушылар құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында анонимдік сауалнама 962 оқушыдан алынды.

Жұмыстың мақсаты. Мектепте оқушылардың өздерінің құқықтары жайлы білімдерін зерделеу және оқушы арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.

Зерттеу нәтижесінде

1. Өз құқығыңды білесің бе сұрағына 845 ия білемін десе, 117 бала жауап беруге қиналған.
2. Қай құжаттарда бала құқығы туралы айтылған деген сұраққа 962-і бала құқығын қорғау конвенция делінген
3. Сен өз құқықтарың туралы ақпаратты қайдан аласың деген сұраққа 755 ата-анаман, 25 оқушы бұқааралық ақпарат көздерінен, 182 мектеп мұғалімдерінен деген.
4. Сен қандай құқығым бар деп санайсың деген сұраққа, барлығы білім алуға деп жауап берген.
5. Сенің құқығыңды кім жие бұзады деген сұраққа, жауап беруге қиналамын, ата-анам, мектеп мұғалімдері деп жауап берген.
6. Мектепте оқушылар арасында суық қару алып жүретін оқушылар барма деген сұраққа, жаппай бәрі жоқ деп жауап берген.

7. Құқықтың бұзылған жағдайда кімге жүгінесіңдер деген сұраққа ата-аналарға, сынып жетекшіге, балалардың құқықтарын қорғау комитетіне.

Оқушылар өздерінің бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес 18 жасқа дейін бала болып есептелетінін, ересектерге ой пікірін айтуда және бала құқықтары туралы ақпараттардан хабарлар екендігі белгілі болды. Мектепте оқушылар арасында мектеп әкімшілігі сынып жетекшісі, ата-ана білмейтін құқық бұзушылық болмайтындығы, мектеп ішінде әлім жеттілік көрсетіп ақша талап еткен жағдайлар болмағандығы анықталды. Сонда да алдағы уақытта анықталған мәліметтер жайлы ата-ана, пән мұғалімдері мен оқушылар мен түсіндірме жұмыстар жүргізілетін болады. 9 сынып оқушыларымен ОЖСБ-ға психологиялық дайындық жөнінде ағарту жұмыстары, іс-шаралар, тренингтер жүргізілді.

10-11 сынып оқушыларына «Жасөспірімдердің топтағы қарым-қатынасын қалыптастыру» тақырыбында психологиялық тренинг өтілді. Тренингтің мақсаты: жасөспірімдердің әрқайсысының өзіне тән мінез-құлық ерекшеліктерін ойын барысында өңдеп, өзгелерге сыйысымды болуға үйрету, агрессивтіліктен шығару, бір-бірімен емін еркін қарым-қатынас жасайтын жағдай жасау.

Тренинг нәтижесінде оқушылардың көңіл-күйі көтеріліп, сыныптағы қарым-қатынасы жақсарды. Оқушылар жаттығу арқасында бой сергітіп, шын жүректен ықыластарын, ризашылықтарын білдірді. Сыныптағы психологиялық атмосфера жақсарып, эмпатия сезімдерін дамытты.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 8-11 сынып қыздарына «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында баяндамалар оқылып, оқушылар өз пікірлерін ортаға салды.

Мектепшілік есепке 9 «Ә» сынып оқушысы және 9 «Б» сынып оқушысы алынды. Осы оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Ағарту профилактикалық, топтық түзету дамыту жұмысы: - 11 – ата-аналарға, оқушыларға, ұстаздарға психологиялық білімінің қажет екендігін, әрі оны өз жұмыстарында дұрыс пайдалана білу мен жеке басының дамуына өз септігін тигізетіндігін, әр баланың жас кезеңдеріне байланысты жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, интеллектуалдық және тұлғалық қалыптасуына кедергі болатын жағдайларды дер кезінде анықтап, әрі олармен бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізіліп, қорытындысында оқушылардың белсенділігі, сыныптағы ұйымшылдығы жоғары бола бастаған.

9-сынып оқушыларына ОЖСБ-ға дайындық мақсатында тренинг, ойын жаттығу өткізілді. ОЖСБ жөнінде сұхбат кеңес берілді. 9-сынып оқушыларының арасындағы психологиялық ахуалдың оңтайлығы, жақсы деуге болады. Пән мұғалімдерінің пікірлерін есепке алсақ, сабаққа қызығушылықтары біршама жақсарған. Оларға сынып жетекшілерімен, ата-анасымен тығыз байланыс жасай отырып, мамандық тандауда дұрыс бағыт-бағдар беріліп отырды. Зерттеу барысында сыныптың белсенділері мен кейбір аз да болса оқшауланғандары анықталды. Ондай оқушыларға сынып жетекшісі және сынып белсенділерімен біріге отырып жұмыстар жүргізе отырып, оларды да ұжымға қосып отырдық. Қоғамдық жұмыстарға, мектепшілік үйірмелерге тартып жеке – топтық жұмыстары атқарылып жатыр.

11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ке дайындық психологиялық-педагогикалық іс-шаралар бағдарламасы бойынша жұмыстары жүргізіледі.

Мақсаты: Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңінде оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын оңдеуін: өзін-өзі реттеуін; өзін-өзі бақылауға дағдыландыруын және сенімділігін арттыруын жүзеге асыру.

Пайдаланған әдістер: ойын әдістері, тренинг, медитациялық техникалар, лекциялары өткізіліп тұр. Үлгерімі төмен оқушыларымен жеке-түзету, топтық түзету-дамыту сабағы, стрестен қалай арылуға болады т.б. жұмыстары жүргізілді. тренинг ойын немесе пікірлесу сұхбат өткізіледі. Өткен тренингтері 11 «А» «Б» «В» - сыныпқа «Емтихандағы мінез-құлық» «Неге жеткім келеді» «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады» тақырыбы бойынша ой қозғау, кеңестер бірлді. «Моральдық тұрақтылық», Менің көңіл күйім, Эмоция тестінің алынған сауалнамалар қорытындысымен, сынып жетекшілермен таныстырылды. 11 сынып оқушылары арасында «ҰБТ-ға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында мектепшілік тренингтер өткізіліп, онда оқушылардың өздерінің дайындықтарын, көңіл-күйлерін, қарым-қатынастарын дамыту жұмыстары жүргізілді.

Бірнеше мамандарды қорнаққа шақырылып, олардың ой пікірін тыңдап, балаларға бағыт-бағдар

берілді. 11 сынып оқушыларына «Мамандықтар әлеміне сапар» аты ойындар мен жаттығулар, тренинг және оқушылармен пікірлесу, дебат өткізілді. Қорытынды: Оқушылар негізінен адам саласындағы жұмыс түрлеріне бейім. Яғни, олар айналасындағы адамдар адамдармен тез тіл табысып, қарым-қатынасқа тез түсе біледі. Егер осы жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сүйеніп айтар болсақ, сол мамандықтар несі болса, осыларға жол анық. Ұсыныс: Мамандықты әлі дұрыс таңдай алмай жүрген оқушыларға бағыт-бағдар беруден шаршамау, қабілеттерін одан әрі дамытуға көмек көрсету ұсынылды. Бірді-екілі оқшауланған оқушылармен көбірек қарым-қатынаста болып, назардан тыс қалдырмау керектігі пән мұғалімдері мен сынып жетекшісіне ұсыныс жасалды. 10 – сынып оқушылармен тұлғаның кәсіби қызығушылықтарын, бағдарлы оқытудың таңдаған бағыттарының бейінділігін анықтап: қоғамдық математикалық жаратылыстану мен гуманитарлық бағытына бейімделді. Мектебімізде тәртібі қиын оқушылармен ай сайын түрлі (тренингтер, жеке топтық түзету) жұмыстары жүргізіліп отырды. Сынып жетекшілерге оқушыларға көбірек көңіл бөліну, оқшау қалдырмау, жеке тапсырмалар беріп ортаға тарту сынып жетекшілерге ұсынылды. Жоғары сынып оқушыларға «Нашақорлық түйыққа апараз жол» тақырыбы бойынша интерактив тактаны пайдаланып видео сабақ, диспут, көрініс өткізілді. Анкеталар өткізілді. Оқушылар нашақорлықпен пайдаланған жастардың қандай нәтижеге жеткенінін көріп өздерінің ашық ой пікірлерін айтты.

Педагогтардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық-педагогикалық дағдарысын жетілдіру мақсатында педұжыммен психологиялық тренингтер, ағартушылық жұмыстарын өткізілді. Жас мамандармен ұжымға бейімделу жұмыстары, психологиялық кеңестер, сенімділік тренингтер, сауалнамалар жүргізілді.

Үйден оқытылатын мүмкіндігі шектеулі оқушылармен, ата-аналармен жеке психологиялық жұмыстар өткізілді.

- жеке дамыту және түзету жұмыстары бойынша; Дарынды оқушылармен жұмыс жөнінде жалпы анықтама алынып, дарынды оқушыларды анықтау үшін өткізілетін іс – шара бойынша, директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірге, дарынды балаларды іріктеу үшін диагностика жүргізу және қабілеттеріне қарай топтай отырып, тапсырманы орындау барысына орай 59 оқушыны алдық. Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау үшін өткізілетін іс – шара бойынша, директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірге, сынып жетекшілермен бірлесіп, әр сыныптың жарты жылдық оқу үлгерімі нәтижесін және пәндік бақылау жұмыстарын алу арқылы үлгерімі төмен оқушыларды анықтау үшін жұмыс істей отырып, тапсырманы орындау барысына орай 5-11 сынып аралығындағы оқушыны алдық. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру, мектептегі оқу үрдісіне бейімділігін дамыту, ой-өрісінің дамуы оны қоршаған заттар мен құбылыстарды қабылдауын әрі қарай дамыту үшін жеке түзету – дамыту жұмысы жыл соңына дейін алып, жұмыс бағдарлама бойынша жүргізілді. Таным процесі төмен оқушылармен дамыту тренингтері өткізілді. Оқушыларға сауықтыру, түзету жаттығуларын жүргізу, өзін – өзі қалыпты ұстап, сенімді болуға, білімдерін өз дәрежесінде көрсете білуге кеңес беріліп, топтық – дамыту жұмыстарын өткізілді. Ата – аналардың психологиялық білімдерін кеңейту мақсатында 5-11 сынып аралығындағы оқушылардың ата-аналарына жеке сынып бойынша, сынып жетекшімен бірлесіп жиналыстар өткізілді. Осы жиналыста психологиялық жұмыстың бағыттары бойынша: ата-аналармен жеке жұмыстар, топтық жұмыстар, психологиялық тренингтер өткізілді. Ата-аналар баланың жан дүниесін тек түсініп қана емес, әрі жақсы, дұрыс тәрбиелеуге үлес қосқысы келіп, жеке кеңес алуға, сонымен қатар психологиялық сауалнамаға қызығушылығын білдірді. Жиналыс мейірім мен кешірімділікке көбірек ойысып кеткен. Мектептің мұғалімдерінің жемісті тәрбиесі де балалардың ата – аналарымен осындай жақын қарым – қатынасына септігін тигізіп отыр. Жоғарыда көрсетілген іс – шаралар ата – ананың балаға деген көз қарасын, жауапкершілігін арттырып, қолдау көрсетілді. Өлеуметтік – диспетчерлік негізгі бағыттары бойынша психологиялық қызмет жұмысының қорытындысы: -1 Психологиялық қызметтің жұмысы педагогикалық және медициналық қызметкерлермен, оның ішінде денсаулық сақтау жүйесімен ҚТДЖБ органдарымен, ата-аналар қоғамымен, байланыста. МПМК – мекемесінің қызметкерлерімен байланыста жұмыстар өткізілді, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар жайлы ақпарат алынды.

III бөлім

Қ. Р-сының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыру іс-шаралар жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата-аналар арасында «Білім туралы» заңын, «2011-2025 жылға дейінгі білімді дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасын» түсіндіру және жүзеге асыру жұмыстарын жүргізу.	Жыл бойы	Әкімшілік
2	Оқушылар құрамын сақтау. Оқушыларды қабылдау және шығару жұмыстарын ҚР Білім және ғылым министрлігінің заңдарына сәйкес жүзеге асыру.	Жыл бойы	Әкімшілік
3	ҚР Президентінің тапсырмасының орындау соның ішінде -мектеп жасындағы баланы мектепке келтіру. -үнемі мектептің мөлтекауданын аралау -халық арасында балаларды оқыту және тәрбиелеу жауапкершілігі туралы ҚР Конституциясының 30-бабын түсіндіру жұмыстарын жүргізу. - 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді есепке алу; - «Қайырымдылық» акциясын жүргізу; - тегін оқулық кітаптарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру; - оқушылардың ІТ біліктілігін дамыту. - салауатты өмір сүруді насихаттау жұмысын жүргізу; - Президенттік тест тапсыруға 100 % оқушыны қатыстыру; - Спорт секциясының жұмысын жандандыру;	Тамыз, қыркүйек Үнемі Жыл бойы Үнемі Қазан, мамыр, қазан сәуір жыл бойы	Сынып жетекшісі Сынып жетекшісі Әкімшілік Д/Ш пәнінің мұғалімдері
4	Мектептегі асхананың жұмысын ұйымдас-тыру, аз қамтылған жанұядан келген балаларды тегін тамақтандыруды ұйымдастыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
5	Ауру балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру, қадағалау.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
6	«Білім туралы» Заңның орындалу барысын метеп педагогикалық кеңесінде талқылау.	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі
7	Мемлекеттік емтиханға, ЖОО-ға түсуге дайындық жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
8	Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын қадағалау	күнде	Ж.Бакбергенова
9	Оқушыларды есепке алатын бұйрық кітабын толтыруды, қадағалау, алфавиттік кітапты жүргізу.	Айына 1 рет	Іс жүргізуші
11	Қатаң есептегі құжаттардың, сынып журналдарының дұрыс толтырылуын қадағалау, тексеріп бару.	Тоқсан сайын, ай сайын	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары
12	«Үш тілде білім беруді» жүзеге асыру мақсатында 8-сыныптарда ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқытуды ұйымдастыру, 9 – Сыныптарда жалғастыру	2021 жыл қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
13	8, 9 – сынып оқушыларын ағылшын тіліндегі оқулықтармен қамтамасыз	2021 жыл 01 қыркүйекке дейін	Мектеп әкімшілігі

Қазақстан Республикасында «Үш тілде білім беруді дамытудың іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қазақстан Республикасында «Үш тілде білім беруді дамытудың 2021-2022 оқу жылында атқарылатын жұмыстар мазмұнымен ұжымды таныстыру	2021 жыл тамыз	Мектеп әкімшілігі Р.Табылдиева
2	Қазақстан Республикасында «Үш тілде білім беруді дамытудың 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шара жоспарын түзу	2021 жыл тамыз	Мектеп әкімшілігі
3	Үш тілде білім беруді жүзеге асырудың моделіне өзгерістер, үш тілде білім беруге қошудың стратегиялық жоспарын толықтыру	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
4	Жалпы еуропалық тілді меңгеру құзыреттілігін анықтау жұмыстарын кестеге сай сыныптарда және пән мұғалімдері арасында жүргізу	2021-2022 оқу жылы	Мектеп әкімшілігі
7	Үш тілде білім беруге қошудың стратегиялық кестесіне өзгерістер енгізу	тамыз	Мектеп әкімшілігі
8	Информатика, химия, биология пән мұғалімдерінің ағылшын тіліндегі тілдік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында мектепшілік курс ұйымдастыру	қазан айынан	Мектеп әкімшілігі
9	Информатика, химия, биология пән мұғалімдерінің ағылшын тіліндегі тілдік құзыреттіліктерін анықтау	2021 жыл қараша	Мектеп әкімшілігі
11	«Дебат» зияткерлік ойындары шеңберінде қазақ, ағылшын және орыс тіліндегі лигаларды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың сыни ойлау қабілеті мен тіл құзыреттілігін арттыру;	2021-2022 жылдар жоспарға сәйкес	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері
12	Пән мұғалімдері мен оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін арттыру мақсатында жазғы «Тіл мектебі» жұмыстарын жалғастыру	2022 жыл маусымнан	Мектеп әкімшілігі
13	9-А,Ә,Б сынып оқушыларын химия, биология, информатика пәндерінен терминдік сөздіктермен қамтамсыз ету	Үнемі	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері
14	8-А,Ә,Б және 9 – А, Ә, Б сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізу	Ай сайын, тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі, с/жетекшілері
15	8 және 9 сынып оқушылары арасында ең көп термин жаттау бойынша конкурс ұйымдастыру, жеңімпаздарды марапаттау	2021 жыл Қараша айының соңғы аптасы	Мектеп әкімшісі Пән мұғалімдері
16	Ағылшын тілі пән мұғалімдерімен тәжірибе алмасу, ағылшын тілінде сабақ беру, CLIL әдістемесімен сабақты ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
17	8 және 9 сынып оқушыларын ата-аналарының рұқсатымен «Зияткер сыныбы» клубына мүшелікке алу, ағылшын тілін оқыту курстарын ұйымдастыру	Қыркүйектен 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі Ағылшын тілі пәні мұғалімдері
18	8-9 сынып оқушыларының кезең-кезеңмен ағылшын тіліне оқу стратегиялық жоспарын жасау, ағылшын тілде оқытудың моделін құру	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
19	8 және 9 сынып оқушыларының ағылшын тілінде оқытылатын пәндері бойынша білім сапасына талдау жүргізу - зерттеу, зерделеу;- талдау; - мониторинг - ұсынсы-пікірлер - оқушылардан, ата-аналардан кері байланысы	Әр тоқсанда	Мектеп әкімшілігі

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісін орындауға арналған іс-шаралар жоспарын түзу, жоспарға өзгерістер енгізу	Тамыз 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі
2	«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық патриоттық актісімен мектеп ұжымын таныстыру	тамыз	Мектеп әкімшілігі
3	Мектептің өндірістік жоспарына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісі тарауын енгізу	тамыз	Мектеп әкімшілігі
4	Мектепті дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған жоспарына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісін жүзеге асыруды бір жоба ретінде ендіру	тамыз	Мектеп әкімшілігі
5	Мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі бойынша сауалнамалар жүргізу, пікірлерін білу	II тоқсан 2020 жыл	Мектеп әкімшілігі ДТДЖО, сынып жетекшілері
6	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісі туралы ата-аналарға Ата-аналар университетінде түсінік беру	I тоқсан соңы Қараша 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі ДТДЖО
7	«Шаңырақ» жобасы бойынша	Қараша 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі
8	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісінің құндылықтарын сабақтарға енгізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері
9	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісін жүзеге асыру бойынша түрлі конкурс, байқаулар өткізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі ДТДЖО
10	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісінде көрсетілген білім беру құндылықтарын мектептің өндірістік жоспарына және оқыту үдерісіне енгізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері
11	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісін жүзеге асыру бойынша пәндерден қалатық, олыстық семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
12	«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі бойынша ақпараттық стенділер, бұрыш ұйымдастыру	I тоқсан 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы міндеттерді жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы міндеттерді орындауға арналған іс-шаралар жоспарын түзу	Тамыз 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі Г.Бекмұратова, Н.Жусипов
2	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының мазмұнымен мұғалімдерді таныстыру	Тамыз №2 педкеңес	Мектеп әкімшілігі
Бәсекелік қабілет (Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін артырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады)			
1	«Табысты мұғалім», «Табысты оқушы», «Табысты ата-ана» жобасының жоспарын	Қыркүйек 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі

	түзу, жобаның мақсат және міндеттерін айқындау		
2	Үш тілде білім беруді ұйымдастыру және жалғастыру (8 және 9 сынып)	Қыркүйек 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері
3	Мектепте «Зияткер сынып» тілдерді үйрену клубын ұйымдастыру	Қыркүйек 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі Р.Табылдиева, Бірлестік жетекшілері
4	Оқушылармен «Өзін-өзі дамыту – әркімнің міндеті» тақырыбында тренинг өткізу	19.09 – 21. 09.2021 жыл	Мектеп әкімшілігі Педагог-психологтар
5	Білім алу мен білім беруде IT құзыреттілікті дамыту жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері
6	Мұғалімдердің өзара бәсекелестігін арттыру мақсатында атқарған жұмыстарына талдау жасау, мониторинг жүргізу, табысты мұғалімдерді марапаттау	Әр тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі: Р.Табылдиева, Н.Жусипов Г.Бекмұратова
7	Оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында әр түрлі конкурс, байқаулар ұйымдастыру, жеңімпаздарын марапаттау	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері

Прагматизм

(Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмекке кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек.)

№	Атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушыларды күнделікті өмірін жоспарлауға үйрету мақсатында «Уақытты үнемдеу» тақырыбында тренинг өткізу	Қыркүйек, қазан 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі Р.Табылдиева
2	«Мақсат қоя білуді үйренейік» тақырыбында семинар-тренинг (оқушылармен)	Қараша 2021 жыл	Педагог-психологтар
3	Мектебіміз түлектері студенттермен вебинар өткізіп студенттер ассоциациясын түзу, олармен бірлесе жұмыс жүргізу жоспарын әзірлеу, бірлесе жұмысты ұйымдастыру	Қазан 2021 жыл	Мектеп әкімшілігі Р.Табылдиева
4	Мектеп бітірген түлектер студенттермен кездесу ұйымдастыру Студенттер ассоциациясымен бірлесе жұмыс жасау	Қараша 2021 жыл Қаңтар 2022 жыл	Мектеп әкімшілігі
5	Оқушылардың қосымша білім беру орталықтарына баруын ата-аналармен бірлесе ұйымдастыру	Қыркүйек, жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, с/жет, ата-аналар
6	Оқушылардың үйірмелерге қатысуын ұйымдастыру, қадағалау	Қыркүйек, жыл бойы	Педагог-ұйымдастырушы

Ұлттық бірегейлікті сақтау

(Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту)

№	Атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепте «Аталар сөзі – ақылдың көзі» клубын құру	Қазан 2021 жыл	Г.Бекмұратова, Н.Жусипов
2	Мектептегі ата-аналар университетінің жұмысын жаңғырту, ата-аналарға	Жыл бойы, тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі Г.Бекмұратова

	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, семинарлар өту		
3	Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	Г.Бекмұратова, Н.Жусипов
4	Ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптейтін кештер, дөңгелек үстел, конкурсы, байқаулар өткізу	Жыл бойы	Қ.Ергешбеков
5	Оқушыларға жаңаша білім мен тәрбие беруде мектептің өзіндік брендін құру	Жыл бойы	Г.Бекмұратова, Н.Жусипов

Білімнің салтанат құруы

(Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді)

№	Атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектептегі оқу-тәрбие үдерісін дамытудың жоспарын жүйелі жүзеге асыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі І деңгей мұғалімдері
2	Оқушылардың білім сапасына үнемі талдау жүргізу, білім сапаны көтеру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға баса назар аудару	Жыл бойы, тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері
3	Мектепте оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту мақсатында «Дебат» клубын құру, қазақ, өзбек, орыс және ағылшын тіліндегі лигаларын ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Тілдер бірл. жетекші
5	Оқушыларды түрлі конкурсы, байқауларға қатыстыру, жеңімпаздарын марапаттау	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері

Сананың ашықтығы

(Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. *Біріншіден*, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. *Екіншіден*, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүтінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі)

№	Атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жалпы білім беретін басқа білім беру ұйымдарымен, ЖОО-мен меморандум негізінде жұмыс жасауды жолға қою	Қыркүйек, Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
2	Мектептің оқу-тәрбие үдерісіне «100 кітап» жобасын енгізу (сыныптар бойынша)	Қазан айынан бастап Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Кітапханашылар, с/жет.
5	Мектептің оқу-тәрбие үдерісіне «Book crossing» жобасын енгізу	Қазан айынан бастап Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Кітапханашылар, с/жет.
6	Жаналықты қабылдау және оқу-тәрбие үдерісіне енгізу жүйесін құру (семинарлар, коучингтер, тренингтер, вебинарлар ұйымдастыру, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық конференция, семинарларға қатысу)	Қазан, жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері
7	Мұғалімдерге оқыту семинарларын ұйымдастыру	Келісімі бойынша	Мектеп әкімшілігі
8	Мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналар арасында ТокШоу ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері,

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН 1-4, 5-10 СЫНЫПТАРДЫҢ
ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ БОЙЫНША АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
Нормативтік, нұсқаулық-әдістемелік құжаттармен жұмыс			
1	Жаңартылған білім беру мазмұнының 1-11-сыныптардың оқыту үдерісіне енгізу бойынша төмендегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттармен танысу және мұғалімдерді таныстыру : - Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім); - Оқу бағдарламасы; - Оқу жоспары ; 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат ;	Тамыз, бірлестік отырысында	Оқу ісі жөніндегі директор орынбасарлары , мұғалімдер
2	Жаңартылған білім беру мазмұнының 1-4,5-11 сыныптардың оқыту үдерісіне енгізу бойынша нұсқаулық әдістемелік құжаттарын басшылыққа ала отырып оқу процесін ұйымдастыру	қыркүйек	Оқу ісі жөніндегі директор орынбасарлары , мұғалімдер
3	Критериалды бағалау бойынша нұсқаулық әдістемелік құжаттар, нұсқаулықтармен танысу . - Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ,білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды өткізу тәртібі; - Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; - Негізгі,жалпы орта мектептердің мұғалім-деріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; - Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; - Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;. - Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар;	Қазан	Р.Табылдиева К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
4	Критериалды бағалау бойынша нұсқаулық әдістемелік құжаттарға қолжетімділігін қамтамасыз ету.		Р.Табылдиева К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
5	Критериалды бағалау бойынша нормативтік , әдістемелік құжаттармен жұмыс бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу .	Үнемі бірлестік отырысында	Р.Табылдиева К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
6	Жаңартылған білім беру мазмұнының және критериалды бағалау жүйесін 1-4,5-11 сыныптардың оқыту үдерісіне енгізуде жоғарыда аталған нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды басшылыққа алу	үнемі	Р.Табылдиева К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
Ұйымдастыру мәселелері			

1	Бөлім ,ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау өткізу кестесін дайындау бекіту .	қыркүйек	Сынып жетекшілер ӘБ жетекшілер
2	Тоқсандық жиынтық бағалау кестесін дайындау, бекіту	қыркүйек	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
3	Бөлім ,ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау материалдарын дайындау ,әдістемелік бірлестік отырысында қарау ,бағалау кестесін бекіту .	қыркүйек	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
4	Тоқсандық жиынтық бағалау материалдарын дайындау , әдістемелік бірлестік отырысында қарау ,бағалау кестесін бекіту .	қыркүйек	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
5	Бөлім ,ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізуді ұйымдастыру ,қадағалау .	Өз уақытысында	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
6	Тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастыру , қадағалау.	Өз уақытысында	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
7	Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша модерация жүргізуді ұйымдастыру , мұғалімдерге түсінік беру	Тоқсан соңында	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
8	Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша модерация жүргізу .	Тоқсан соңында	ӘБ жетекшілері
9	1-4,5-11 сынып оқушыларының тоқсандық үлгерім және білім сапа көрсеткіштерінің мониторингін жасау .	Наурыз Мамыр	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
10	1-4,5-11 сынып оқушыларының тоқсандық үлгерім және білім сапа көрсеткіштері бойынша талдау жүргізу ,диаграмма жасау ,есеп дайындау , АББ - ға тапсыру .	Наурыз Мамыр	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева
11	Электронды журналдың жүргізілуін қадағалау	Үнемі	К.Асилбекова
12	Өңірлік мектеп үйлестірушілерімен желілік қоғамдастық құру , әдіс ауысу .	Үнемі	Қ.Ергешбеков
Мұғалімдермен әдістемелік жұмыстар			
1	1-4,5-11 сыныптарда пәндердің жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқытудың ерекшеліктері» тақырыбында бірлестік отырысында баяндама .	тамыз	ЖББМ бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өткен мұғалімдері
2	„Критериалды бағалауды жүйесі. Қалыптастыру бағалау» коучинг өту .	қыркүйек	Қ.Ергешбеков
3	«Критериалды бағалау жүйесі . Жиынтық бағалауды ұйымдастыру»тақырыбында семинар –тренинг өту .	қазан	Қ.Ергешбеков
4	« Критериалды бағалау жүйесі . Баға қою механизмі » тақырыбында семинар өту	қазан	Қ.Ергешбеков
5	Мектептегі бағалауға байланысты сұрақтар туындаған жағдайда мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету .	үнемі	Қ.Ергешбеков
6	Сабақтарға ену арқылы қалыптастырушы бағалаудың жүзеге асырудың оң нәтижелері мен қиындықтарын анықтау, критериалды бағалау жүйесін енгізуге талдау жүргізу,әдістемелік көмек көрсету,кері байланыс беру .	Үнемі	Қ.Ергешбеков
7	Оқушы портфолиосын жүргізу бойынша мұғалімдерге ұсыныстар беру .	Қараша	Қ.Ергешбеков
9	Жаңартылған білім беру мазмұныны және критериалды бағалау жүйесіні оқыту үдерісіне енгізу бойынша қала көлемінде өткізілген семинарға мұғалімдердің қатысуын ұйымдастыру	Өз уақытысында	Қ.Ергешбеков

Ата-аналармен жұмыс			
1	«Жаңартылған білім мазмұнына көшуде бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында ата-аналар жиналысы	қыркүйек	Сынып жетекшілер
2	Токсан барысында білім алушылардың ілгерілеуі туралы ақпаратты өз уақытысында ата-аналарға жеткізуді қалағалау.	үнемі	Сынып жетекшілер
3	Токсан барысында білім алушылардың ілгерілеуі туралы ақпаратты өз уақытысында ата-аналарға жеткізу.	үнемі	мұғалімдер
4	«Жаңартылған білім беру мазмұнына көшуде ата-ананың рөлі» тақырыбында 1-4,5-11 сынып ата-аналарымен семинар оту	қарапша	Г.Бекмұратова, Н.Жусипов сынып жетекшілері
5	«Критериялы бағалау жүйесі бойынша ата-аналарға ақпарат беру» тақырыбында 1-4,5-11 сынып ата-аналарымен семинар оту	Қарапша	Сынып жетекшілер
6	Бөлім /ортақ тақырыптар бойынша өткізілген жиынтық бағалар бойынша ата-аналаға рубрика жазу , таныстыру	Өз уақытысында	Мұғалімдер
7	Токсандық жиынтық бағалау өткізу уақыты туралы ата-аналарды хабарлар ету	Өз уақытысында	Мұғалімдер
8	1-4,5-11 сынып оқушыларының тоқсандық жылдық бағалары, үлгерімі ,білім сапасы туралы ата-аналарды таныстыру	Токсан соңында ,ата-аналар жиналысын-да	К.Асилбекова М.Кенжекулова, Ж.Бердибаева Сынып жетекшілер
9	Жаңартылған білім беру мазмұнына көшуде кездескен проблемалар бойынша жеке ата-аналармен кездесу	Қажет болған жағдайда	К.Асилбекова М.Кенжекулова Ж.Бердибаева Сынып жетекшілер

МЕКТЕПТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Қай жерде қаралады	Түпкі нәтиже
1.	Сабақ кестесін құру	Тамыз	ДОДКО		Сабақ кестесі
2.	Директор орынбасарларының жұмыс графигін жасау	Тамыз	Директор	Апталық әкімшілік кеңесі (планерка)	График
3.	Тарификацияға, ОШ-1 есебін тапсыруға құжаттамаларды дайындау	Тамыз	ДОДКО	Апталық әкімшілік кеңесі	
4.	Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар кезекшілігінің графигін құру	Тамыз	Мектеп әкімшілігі	Апталық әкімшілік кеңесі	Кезекшілік графиктері
5.	Оқу жүктемесін, сынып жетекшілікті, кабинет меңгерушілікті, үйірме жетекшілікті бөлу	Тамыз	Директор орынбасарлары	Педкеңес	Бұйрық
6.	Мектеп кітапханасы, асхана, дәрігер, спортзалының жұмыс режимдерін бекіту	Тамыз	Директор		Бұйрық
7.	Мектеп бойынша іс-шаралар циклограммасын жасау	Тамыз	Директор		Цикло-грамма
8.	Білім мекемесінің даму	Тамыз	Директор	Педкеңес	Хаттама

	жоспарын дайындау және бекіту				
9.	Тарификация, білім бөлімдеріне есеп тапсыру	Қыркүйек	ДОЖО		Тарификация, есеп
10.	Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, пән апталықтарының, мектепшілік олимпиадаларын өткізу графиктерін бекіту	Қыркүйек	Директор орынбасарлары	Әдістемелік кеңес	Графиктер
11.	Оқу жылының басындағы қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуін ұйымдастыру.	Қыркүйек	Медбике	Директор жанындағы мәжіліс	Есеп
12.	Білім мекемесінің нормативтік-құқықтық базасының жағдайы	Қазан	Директор	Директор жанындағы мәжіліс	
13.	Бақылау, лабораториялық және практикалық жұмыстарды өткізу графиктерін жасау	Қыркүйек, қаңтар	ДОЖО		Графиктер
14.	І-сынып оқушыларына қосымша демалыс күндері.	Ақпан	ДОЖО		
15.	Мектеп қызметкерлерінің жазғы демалыс графигін жасау	Наурыз	Директор		График
16.	Бітіруші сынып оқушыларының консультация, емтихан кестелерін жасау	Сәуір	ДОЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Кестелер, бұйрықтар
17.	Емтихан материалдарын бекіту	Мамыр	Директор		
18.	Оқулықтарды мектеп кітапханасына тапсыру	Мамыр, маусым	Кітапханашы, сынып жетекшілері		

IV. БӨЛІМ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ ОҚУМЕН ҚАМТУ

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Қайда қаралады?	Түпкі нәтиже
1	Мөлтекаудандағы 0-18 жас аралығындағы балаларды есепке алу бойынша іс-шараларды өткізу және аудандық білім бөліміне есеп беру	Тамыз, қаңтар, мамыр	ДОДЖО	Директор жанындағы мәжіліс	Жоспар, есеп
2	Мектепте оқитын 6-18 жас аралығындағы оқушылар тізімін жасап, мектеп басшысы тарапынан бекіту. Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 11 шілдедегі № 324 бұйрығын басшылыққа алу	07.09.2021 жыл	ДОДЖО	Директор жанындағы кеңес	Тізім
3	Мектепалды дайындық сыныптарына келетін 5,6 жасар балалардың тізімін алу, оқумен қамту жұмыстарын жүргізу	31.08.2021 жыл	ДОДЖО		Тізім
4	Мектепалды дайындық сыныптарында тәрбиеленушілерді медициналық тексеруден өткізіп, тиісті құжаттарды дайындау	22-23.08	ДОДЖО		Құжаттар Бұйрық
5	«Д» есепте тұратын оқушылардың тізімін алу, мүгедек балаларды анықтау, балалар емханасына бекіту	Тамыз	Медбике		Тізім
6	Мектеп мөлтекауданы бойынша шағынаумақ жетекшілері өз учаскелерін аралап шығып, тамыз, қаңтар тіркеуін алу	Тамыз, Қаңтар	Ш/А жетекшілері		Тізім
7	Бітіруші сынып жетекшілерімен оқушылардың оқуға түсуі мен жұмысқа орналасуының жағдайы туралы сұхбаттасу және есебін алу	Тамыз	ДОДЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Есеп
8	1-сыныпқа оқушы қабылдау	Сәуір айынан бастап	Директор		Бұйрық
9	Жаңадан келген оқушыларды қабылдау	Жыл бойы	Директор		Бұйрық
10	Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын балаларды анықтау	Тамыз	Психолог, әлеуметтік педагог	Директор жанындағы мәжіліс	Есеп, тізім
11	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларын оқулықпен қамтамасыз ету	Қыркүйек	Кітапхана-шы, сынып жетекшілері	Директор жанындағы мәжіліс	Ата-ана отініші, тізім
12	Оқушыларды алдын ала жинау, оқулықтарды тарату	28-31.08.	Кітапхана-шы, сынып жетекшілері	Апталық әкімшілік кеңесі	Тізім, есеп
13	ОШ-1 есебін тапсыруға құжаттамаларды дайындау	1-5.09.	К.Асылбекова, Ж.Бердибаева		Есеп
14	1-11 сыныптарды комплектілеу	1-5.09.	ДОДЖО	Директор жанындағы мәжіліс	Тізім, бұйрық
15	Үйде оқытуды ұйымдастыру	Қыркүйек	К.Асылбекова	Апталық әкімшілік	Тізім, бұйрық

				кеңесі	
16	1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау	Қыркүйек	ДОЖО	Директор жанындағы мәжіліс	Есеп
17	Қамқорлыққа алынған балалардың тұрмыстық жағдайымен танысу	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	Апталық әкімшілік кеңесі	Есеп
18	Ыстық тамақты ұйымдастыру (ҚР Үкіметінің 2015 ж 13 сәуірдегі № 198 қаулысына сәйкес дайындауды ұйымдастыру)	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	Апталық әкімшілік кеңесі	Есеп, тізім
19	Оқушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Жыл бойы	Медбике		Жоспар
20	Қамқорлық айлығын өткізу	Тамыз, қаңтар	Мектеп әкімшілігі	Апталық әкімшілік кеңесі	Жоспар
21	Санитарлық нормалар мен ережелерді орындау: оқушы жүктемесінің шамадан тыс асуының алдын алу	Тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі	Директор жанындағы мәжіліс	Есеп
22	Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру	Күнделік-ті	Әлеуметтік педагог	Апталық әкімшілік кеңесі	Тізім
23	1-сыныптарда педагогикалық-психологиялық консилиум	Қазан	Мектеп әкімшілігі	Директор жанындағы мәжіліс	Анықтама
24	Оқушылар жарақаттануы және сырқаттануы деңгейін зерттеу	Қараша, сәуір	Психолог, медбике		Есеп
25	Тәрбиесі қиын балалармен жұмыс	Жыл бойы	ДТЖО, психолог	Апталық әкімшілік кеңесі	
26	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау	Ай сайын	ДТЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Хаттама
27	Балалар денсаулығын қорғау бойынша іс-шаралар	Тоқсан сайын	Медбике, психолог		Есеп
28	Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиямен мектептің біріккен жұмысы	Наурыз	Медбике, психолог		Медициналық қорытынды
29	Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша іс-шаралар	Әр тоқсан басында	ДТЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Хаттама
30	Болашақ 1-сынып оқушыларымен жұмысты жоспарлау	Мамыр, маусым	ДОЖО		Тізім, есеп
31	Ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру	Аптасына 2 рет	Психолог		
32	9-11 сынып оқушыларына бітіру емтихандары, ЖОО-ға емтихан тапсыру ережелерін түсіндіру	Наурыз, сәуір	ДОЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Ережелер, хаттама
33	Оқушылар демалысын ұйымдастыру	Қараша қаңтар наурыз маусым	ДТЖО		Жоспар
34	Жыл қорытындылары бойынша статистикалық есеп тапсыру	Мамыр-маусым	ДОЖО	Директор жанындағы мәжіліс	Есеп

БАҒДАРЛАДЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақсаты: - Үш тілді білім беруді дамытудың іс-шараларын жүзеге асыру.

- Көптілді және билингвальды оқытуға негізделген инновацияны енгізу, педагогтар, оқушылар, ата-аналарды мектеп жұмысына қызықтыру, инновациялық жүйені қоғамға тарату.

- Сапалы білім және сапалы тәрбие беру арқылы оқудағы жоғары өнімділікке жету, «қанағаттанарлықтан-жақсыға», «жақсыдан-үздікке оту»

- Білім беру үдерісіне «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын енгізу

Міндеті: -Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін коучинг,тренингтер арқылы дамыту,мұғалімдердің біліктілігін көтеру, тілдік құзыреттілігін арттыру,оқу және даму үшін мүмкіндіктер ұсыну

-Мектепте жеке тұлғаның жан-жақты дамуын педагогикалық-психологиялық диагностика арқылы жүйелі түрде зерттеу.

-Сабақта заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану, сындарлы оқытуға қол жеткізу арқылы білім сапасын көтеру.

-Оқушының даму,тәрбие және білім деңгейін үнемі анықтап жүйелі түрде көрсетіп тұру,мониторинг жасау.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I. Ұйымдастыру кезеңі			
1	Мектептің жоғары сатысында бағдарлы оқытуды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын түзу және оны бекіту.	28 тамыз	М.Кенжекулова
2	10-сыныпқа қабылданатын оқушылар және олардың ата-аналарымен бейінді таңдау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	28тамызға дейін	М.Кенжекулова
3	10 сыныпқа қабылданатын оқушылардың тізімін нақтылау, өтініштерін және құжаттарын жинақтау.	05.09 дейін	М.Кенжекулова С/ жетекшілері
4	Бейін бойынша сыныптарды комплектілеу. Оқу кабинеттерін жабдықтау. Сынып жетекшілерді бекіту.	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
